

Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қарау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 наурыздағы N 245 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі N 545 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі N 545 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 58-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қарау ережесі бекітілсін.

2. "Инвестициялық жобаларды қарау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1219 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

1 8

н а у р ы з д а ғ ы

N

2 4 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қарау ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қарау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді және бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) (бұдан әрі - жоба(лар) қарау тәртібін, оның ішінде инвестициялық ұсыныстарды іріктеу сатысында оларды қарау тәртібін айқындайды.

2. Ереженің мақсаты жобаларды іске асыру арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларды жоспарлау жүйесінің тиімділігін арттыру болып т а б ы л а д ы .

3. Жобалар белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерге (бұдан әрі - ТЭН) сәйкес іске асырылады.

4. Басқа мемлекеттердің аумағында құрылыс қызметін көздейтін жобаларды қарау тиісті мемлекеттің аумағында техникалық және (немесе) баға өлшемдері тұрғысынан жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлға бекіткен жобалау-сметалық құжаттама негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті мемлекеттің уәкілетті заңды тұлғасы берген құжаттарға дәлме-дәл аударма беруді қамтамасыз етеді.

5. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жобаның ақпараттық парағы - экономикалық жоспарлау жөніндегі тиісті уәкілетті органға бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ұсынатын жоба бойынша негізгі ақпаратты қамтитын құжат;

2) жобаның қисынды негіздемесі - инвестициялық ұсыныстың орындылығын және мазмұнын ашатын, сондай-ақ жобаның құрылымы мен күтілетін тиімділігін (міндеттерін, іс-шараларды және нәтижелерді) бағалауды қамтамасыз ететін құжат;

3) инвестициялық ұсыныстың салалық бағасы - жоба тұжырымдамасын тиісті саланы дамытуға және оның қажеттілігіне сәйкестігі тұрғысынан бағалау;

4) жобаның салалық сараптамасы - жоба ТЭН-інің салалық ерекшелікке байланысты өлшемдерін бағалау;

5) өңірлік шұғыл сараптама - жобаны іске асырудың өңір үшін орындылығын және басымдылығын айқындау мақсатында жобаны экономикалық сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғаның, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің және тиісті өңірдің уәкілетті өкілдерінің бірлесіп қарауы және талқылауы жолымен қосымша жүргізілетін сараптама;

6) жобаны дайындауға арналған техникалық тапсырма - жобаның ТЭН-іне қойылатын талаптарды, оның әлеуетті әзірлеушісіне қойылатын біліктілік талаптарын айқындайтын, сондай-ақ ТЭН-ді әзірлеу жөніндегі жұмыстардың көлемін және осы жұмыстарды орындау мерзімдерін регламенттейтін құжат;

7) жобаның экономикалық сараптамасы - жобаның ТЭН-ін бекіту шеңберінде жобаға жүргізілетін экономикалық талдауды кешенді бағалау.

2-тарау. Инвестициялық ұсыныстарды дайындау және іріктеу

6. Инвестициялық ұсыныстар мынадай құжаттарды қамтиды:

1) жобаның ақпараттық парағы;

2) түсіндірме жазбасымен жобаның қисынды негіздемесі;

3) инвестициялық ұсыныстың салалық бағасы;

4) жобаның ТЭН-ін әзірлеуге арналған техникалық тапсырма;

5) жобаның ТЭН-ін әзірлеу және оған сараптамалар жүргізу құнын негіздейтін ақпарат.

7. Ақпараттық парақ жобаның негізгі қаржы өлшемдерін қоса алғанда, ол

жөніндегі жалпы ақпаратты қамтиды.

Ақпараттық парақ ақпараттың нақтылануына қарай, оның ішінде ТЭН-ді бекіту қорытындылары бойынша түзетіледі.

8. Жобаның қисынды негіздемесі осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады:

Жобаның қисынды негіздемесіне түсіндірме жазба мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

1) жобада шешілетін проблеманың сипаттамасы мен тарихын;
2) жоба тұжырымдамасының қысқаша мазмұнын, оның ішінде жобаны іске асырудың ұйғарылып отырған орнын және әлемдік тәжірибе шеңберінде осыған ұқсас жобаларды іске асырудың қысқаша талдауын;

3) проблеманы шешудің нұсқасын таңдау кезінде қаралған баламалы нұсқалар;

4) оны шешудің оңтайлы жолы ретінде жобаны таңдау негіздемесі.

9. Жобаның ТЭН-ін әзірлеуге арналған техникалық тапсырма экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын жобаның ТЭН-іне қойылатын талаптарды ескере отырып әзірленеді.

10. Жобаның ТЭН-ін әзірлеу және оған сараптама жүргізу құнын негіздеу үшін оны есептеу әдістемесі жөніндегі ақпарат ұсынылады.

11. Экономикалық жоспарлау жөніндегі тиісті уәкілетті органның инвестициялық ұсыныстарға қатысты оң қорытындысы болған жағдайда олар тиісті жобаны кейіннен жоспарланып отырған кезеңнің екінші және үшінші жылдарында іске асыру мүмкіндігін көздейтін іс-шаралар ретінде және ТЭН әзірлеу үшін мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларға енгізілуі мүмкін.

3-тарау. Жобаларды дайындау және іріктеу

12. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылуы жоспарланып отырған жобаларды іріктеген кезде экономикалық сараптама жобаның ТЭН-і және жобалардың ерекшелігіне байланысты талап ететін сараптамалардың, атап айтқанда:

1) жобаларды мемлекеттік сараптауды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлғаның мемлекеттік сараптамасының;

2) салалық орган сараптамасының;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның экологиялық сараптамасының;

4) банктік сараптаманың;

5) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың;

6) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы уәкілетті орган

с а р а п т а м а с ы н ы ң ;

7) экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қорытындысының;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті басқа да сараптамаларының оң қорытындылары негізінде жүргізіледі.

Басқа мемлекеттердің аумағында іске асырылуы жоспарланып отырған жобалардың экономикалық сараптамасы ТЭН және салалық органның оған жасаған сараптамасының қорытындысы негізінде жүргізіледі.

13. Жобалардың салалық сараптамасын салалық уәкілетті орган ТЭН ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүргізеді және мынадай негізгі мәселелерді қарауды көздейді:

жоба мақсаттарының саланы дамыту басымдықтарына сәйкестігін бағалау;
жоба іске асырылған және іске асырылмаған жағдайларда саладағы ахуалды

т а л д а у ;

жоба ТЭН-інің жоба ТЭН-ін әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаға сәйкестігін бағалау ;

технологиялық, техникалық және бағалық шешімдерді бағалау;

жоба мақсаттарына қол жеткізудің баламалы нұсқаларын бағалау;

жобаны іске асырудан түсетін пайданы бөлуді бағалау.

14. Жобалардың экономикалық сараптамасы осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакеті енгізілгеннен кейін қырық бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі .

Экономикалық сараптама жүргізген кезде экономикалық сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғаға қажет болған жағдайда жоба жөнінде қосымша ақпарат беріледі .

15. Жобаны белгілі бір өңір аумағында іске асырудың орындылығы және басымдылығы мәселесін нақтылау мақсатында жобаларға экономикалық сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлға өңірлік шұғыл сараптаманы ұйымдастырудың бастамашысы болуы мүмкін.

16. Өңірлік шұғыл сараптама жүргізу үшін сарапшылар құрамын жобаның өңірлік орналасуын ескере отырып, экономикалық сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлға а й қ ы н д а й д ы .

17. Өңірлік шұғыл сараптама жүргізген кезде жоба жөніндегі шешім дауыс беру жолымен қабылданады. Бұл ретте, төрағалық етуші тұлғаның өңірлік шұғыл сараптама жүргізу жөніндегі сарапшылар құрамына кіретін басқа тұлғалармен тең дауыс беру құқығы бар.

Бюджеттік инвестициялық
жобаларды (бағдарламаларды)

қарау ережесіне қосымша

Жобаның қисынды негіздемесі

Жобаның мақсатына қол жеткізу кезеңдері	Өлшенетін индикаторлар	Мониторинг және бағалау	Болжамдар және тәуекелдер
Мақсаты:			
Міндеті:			
Нәтижелері:			
Іс-шаралар:			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК